

БЕКІТЕМІН

СТО, «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС

_____ М. Мейров

CISO, «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС

_____ Э. Мамедов

« ____ » _____ 2026 ж.

Электрондық аукцион алаңының ақпараттық қауіпсіздігін және құпиялылығын қамтамасыз ету қағидалары

1.0-нұсқа

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Қағидалар <https://dmas.kz> электрондық аукцион алаңында (бұдан әрі – «Алаң») пайдаланушылар деректерінің қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды айқындайды.

1.2. Барлық пайдаланушылар осы Қағидаларды сақтауға және дербес деректер туралы заңнама талаптарын сақтау шеңберінде өздерінің жеке ақпаратының қорғалуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Пайдаланушылардың деректерін қорғау

2.1 Алаң ресурстарын пайдалану барысында пайдаланушылар ұзындығы кемінде 8 таңба болатын, әріптер, цифрлар және арнайы таңбалардан тұратын күрделі құпиясөздерді пайдалануға міндетті.

2.2. Құпиясөзді тұрақты түрде ауыстырып отыру, оны ашық түрде сақтамау және үшінші тұлғаларға бермеу ұсынылады.

2.3. Есептік жазбаға қолжетімділік тек қауіпсіздігіне сенімді құрылғылар мен желілер арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

3. Деректерді жинау және өңдеу

3.1. Алаң қызметтерді көрсету үшін қажетті ақпаратты ғана (аты-жөні, электрондық пошта мекенжайы, төлем деректемелері) Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы қолданыстағы заңнамасы шеңберінде жинайды.

3.2. Барлық деректер Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан қорғалған ресурстарда, қолжетімділігі шектеулі ортада сақталады.

4. Деректерді сақтау және алмасу

4.1. Пайдаланушы мен Алаң арасындағы деректер алмасу SSL хаттамасы арқылы шифрланған түрде жүзеге асырылады.

4.2. Пайдаланушылардың жеке деректері қолжетімділігі шектеулі серверлерде сақталып, физикалық және логикалық қауіпсіздік шараларымен қорғалады.

5. Деректерге қол жеткізу

5.1. Пайдаланушылардың жеке деректеріне қолжетімділік тек қауіпсіздік және құпиялылық мәселелері бойынша оқудан өткен уәкілетті қызметкерлерге ғана беріледі.

5.2. Барлық қызметкерлер деректермен жұмыс істеу кезінде құпиялылықты сақтауға міндетті.

6. Деректерді үшінші тұлғаларға беру

6.1. Пайдаланушылардың жеке деректері олардың келісімінсіз үшінші тұлғаларға берілмейді, бұған қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайлар кірмейді.

6.2. Біз серіктестерге және жарнама берушілерге тек анонимделген деректер негізіндегі статистикалық ақпаратты ғана ұсынамыз.

7. Пайдаланушылардың құқықтық мәртебесі

7.1. Пайдаланушылар өздерінің дербес деректеріне қол жеткізуді талап етуге, сондай-ақ оларды түзетуге немесе жоюға құқылы.

7.2. Пайдаланушылар өз құқықтарын іске асыру үшін info@1cb.kz электрондық поштасы арқылы қолдау қызметіне хабарласа алады

8. Ережеге өзгерістер енгізу

8.1. Біз Қағидаларға өзгерістер енгізуге құқылымыз, және пайдаланушылар енгізілген өзгерістер туралы міндетті түрде хабардар етіледі.

9. Байланыс деректері

9.1. Қағидаларға қатысты сұрақтар бойынша info@1cb.kz электрондық поштасы арқылы бізге хабарласа аласыз.